

"6D021000 - Шетел филологиясы" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Исакова Назира Сериковнаның "Әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурстағы бағалаудың когнитивті-прагматикалық аспектілері" атты ғылыми диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Лингвистикадағы когнитивті-дискурсивтік парадигманың қазіргі даму кезеңінде концептуалды құбылыстардың қалыптасуы мен қолданысын зерттеу ғылыми қызығушылық тудыруда. Өйткені мұндай зерттеулер нәтижесінде тілдің, сөйлеу мен коммуникацияның танымдық және прагматикалық әлеуеті ашылады. Осындай іргелі категориялардың бірі – бағалау пәнаралық категория болғандықтан, философия, аксиология, лингвистика, психолінгвистика, лингвопрагматика, когнитивті лингвистика және т.б. пәндер сабақтастығында зерттеуді қажет етеді.

Бағалау әмбебап тілдік категория ретінде әрқашан ғалымдардың ерекше назарын аударды және де бүгінгі күнге дейін қазіргі лингвистикалық ғылым саласындағы көптеген ғылыми жұмыстардың зерттеу нысаны болып қала бермек. Бағалаудың тарихи алғышарттары логикалық-философиялық бағыттағы ғылыми еңбектерде (Т.Гоббс, Дж.Локк, Б. Спиноза, Дж. Мур және т.б.) қаланған. Құрылымдық лингвистика аясында бағалау тілдік аспектіде семантика және прагматика саласында функционалды-семантикалық категория ретінде жеткілікті зерттелген, сонымен қатар бір тіл және бірнеше тілдерді салыстырған материалдар бойынша бағалауды білдірудің негізгі әдістері мен құралдары анықталған.

Интегративті сипаттағы жаңа лингвистикалық ғылымдардың пайда болуына байланысты бағалау категориясын когнитивті-дискурсивті (прагматикалық) бағытта зерттеу қажеттілігі туындады. Танымдық аспектіде бағалау адам іс-әрекетінің танымдық процесі ретінде оның әлеуметтік-мәдени қабылдау призмасы арқылы қоршаған шындыққа қатысты ойлау және сөйлеу әрекетінен көрінеді. Осыған байланысты бағалаудың тілдік және ақыл-ой құрылымдарын қамтитын танымдық механизмдері жеткіліксіз зерттелген. Сонымен қатар ғалымдардың бағалауды әртүрлі дискурстар бойынша зерттеуге деген қызығушылығы артып келе жатқанын байқауға болады. Бұл дискурсты зерттеудің басым бағыт алуымен және оның жаңа зерттеу нысандарының пайда болуымен байланысты. Бұл ретте тіл білімінде жеткіліксіз зерттелген, келешек терең зерттеуді қажет ететін дискурсологияның жаңа саласы - бұқаралық ақпарат құралдарының дискурстарына, оның ішінде әлеуметтік-қоғамдық медиадискурсқа ерекше назар аударылады.

Бұл жұмыста әлеуметтік-қоғамдық медиадискурс әлеуметтік-қоғамдық коммуникация саласындағы медиа кеңістікті көрсететін медиа дискурстың белгілі бір түрлерінің біріктірілген нысаны ретінде қарастырылады. Қазіргі

заманғы әлеуметтік-қоғамдық медиадискурс контексінде бағалау оның негізгі белгілерінің бірі болып табылады және бағалаушылық мән сөйлеудің барлық коммуникативтік деңгейлерінде әлеуметтік-медиа оқиғалардың оң және теріс қасиеттерін сипаттау кезінде эксплицитті және имплицитті түрде көрініс табады. Сонымен қатар бағалау бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық санаға әсер етудің тиімді құралы ретінде жан-жақты әрі тиянақты ғылыми зерттеуді қажет етеді. Демек, жоғарыда аталған факторлар британдық әлеуметтік-қоғамдық медиадискурста белгілі бір бағалау стратегиялары мен тактикаларын қолданудың теориялық негіздері мен олардың прагматикалық әлеуетін анықтау қажеттігін көрсетеді. Жоғарыда аталған факторлар зерттеу тақырыбының өзектілігіне негіз болады.

Зерттеу жұмысының нысаны: заманауи әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурстағы бағалау категориясы болып табылады.

Зерттеу жұмысының пәні: заманауи әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурста бағалауды жүзеге асырудың танымдық-прагматикалық ерекшеліктері болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: заманауи әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурстағы бағалау стратегиялары мен тактикаларының когнитивті-прагматикалық аспектілерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- заманауи лингвистикадағы бағалау теориясы бойынша қазіргі тәсілдерді қорыту және талдау;

- әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың дифференциалды белгілерін анықтау;

- әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурстағы *иммиграция* және *әлеуметтік қамсыздандыру* негізгі концептілеріне когнитивті-концептологиялық талдау жүргізу;

- әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурста имплицитті: контекстуалды-сөйлеу мен эксплицитті бағалаудың прагматикалық діттемін анықтау мақсатында негізгі бағалау стратегиялары мен тактикаларын айқындау;

- тиімді бағалау стратегиялары мен тактикасын айқындау үшін адресаттардың кері байланысы (пікір) негізінде реципиенттердің қандай да бір бағалауды қабылдау әрекетіне талдау жүргізу.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың классикалық және заманауи еңбектері құрайды:

- *бағалау теориясы* (Н.Д. Арутюнова, Е.М.Вольф, В.Н. Телия, G. Thompson, S. Huntson, J.R. Martin, R.R. White, M. Bednarek, З.К.Темірғазина); *логикалық-философиялық бағыт* (Т.Гоббс, Дж.Локк, Б. Спиноза, Дж. Мур, Г.Х. фон Райт, А.А. Ивин, Н.Д. Арутюнова); *функционалдық-семантикалық бағыт* (Е.М. Вольф, В.Н. Телия, И.А. Стернин, Т.В. Маркелова, Л.Ю. Мирзоева, З.Х.Ибадильдина); *коммуникативті-прагматикалық бағыт* (Ч.Стивенсон, Р.Хэар, В.Г. Гак, Н.Д. Арутюнова, А.И. Приходько, З.К.Темірғазина, Д.Б. Тоқтамысова, Г.О. Азылбекова); *танымдық бағыт* (Дж. Лангакер, Л. Талми,

Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, Л.К. Жаналина, Э.Д. Сулейменова, М.Л. Зайнуллина, И.А. Олькова);

- *прагматика теориясы* (Дж. Остин, Дж. Серль, Г.Грайс, З. Вендлер, Н.Д.Арутюнова);

- *дискурстың теориясы мен талдауы* (М. Фуко, П. Серио, Т.ван Дейк, М. М.Бахтин, А.А. Кибрик, В.И. Карасик, Ю.С. Степанов, В.Е. Чернявская, А.К. Киклевич, Э.Д. Сүлейменова, М.Ш. Мусатаева, Г. Гиздатов, А.Ислам);

публицистикалық дискурс (М.Р. Желтухина, В.Е. Чернявская); *саяси дискурс* (Е.И. Шейгал, А.П. Чудинов, Б.А.Ахатова, А. Ислам); *іскерлік дискурс* (В.Г. Адмони, Г.Г. Бүркітбаева); *жастар дискурсы* (М.Г. Чабаненко, Ж.Е. Бекжанова); *заң дискурсы* (Е.А. Кожемяки, М.С. Абишева, Г.Б. Норузова);

- *медиалингвистика және медиадискурс теориясы* (Дж. Корнер, Добросклонская, Г. Я. Солганик, М.Р. Желтухина, Г.Г. Гиздатов, Н.И.Клушина, Т.В. Шевякова);

- *когнитивті лингвистика және концептілер* (А.Н. Баранов, Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, В.И. Карасик, С.А. Аскольдов, А.П. Бабушкин, Н.Ф. Алефиренко, Г.Г. Гиздатов, А. Ислам);

- *коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар* (О.С.Иссерс, А.Н. Морева); *бағалау стратегиялары мен тактикасы* (О. С. Иссерс, М.Р. Желтухина, А.В. Гилева, Е.А. Зиминова, И.В. Фролова).

Зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы.

- отандық англистикада алғаш рет бағалаудың когнитивті-прагматикалық аспектілері зерттеледі және адресаттардың қабылдауына талдау жасалып, қазіргі британдық әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың негізгі бағалау стратегиялары мен тактикалары айқындалады.

- заманауи британдық әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың сараланған белгілері анықталады және заманауи британдық әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың негізгі концептілері айқындалады.

Зерттеу жұмысының негізгі әдістері: сипаттамалық әдіс, этимологиялық әдіс, сөздік анықтамаларды талдау, контекстік талдау, дискурсивті талдау әдісі, сыни лингвистика әдісі, танымдық талдау әдісі және статистикалық әдіс.

Зерттеудің жұмысының теориялық маңыздылығы бағалаудың, заманауи теориялық аспектілерінің, бағалау стратегиясы мен тактикасының әзірленуі мен прагматика, медиадискурс, концептология саласының когнитивтік-прагматикалық бағыты идеяларын әзірлеуге, бағалау теориясының одан әрі дамуына белгілі бір үлес қосатындығында.

Зерттеу жұмыстың практикалық құндылығы: зерттеу нәтижелері бағалау теориясы, когнитивтік лингвистика бойынша дәрістік курстарды әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін, концептология, прагмалингвистика, медиадискурс, дискурстық талдау бойынша жоғары оқу орындарының арнайы курстарын, сондай-ақ филологиялық бағыттағы мамандықтар бойынша арнайы курстарды әзірлеу негізіне алынуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының материалдары: 2016-2020 жылдар аралығындағы британдық бұқаралық ақпарат құралдары: "BBC", "The Independent", "The Guardian" және "The Sky News" болып табылады.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Зерттеу тақырыбының шектеулілігіне байланысты бағалау санатының философиялық, логикалық, психологиялық және лингвистикалық аспектілерін дискретті түрде қарастыруға негізделген зерттеудің заманауи бағыттары жеткіліксіз болып табылады. Лингвистиканың когнитивті-дискурсивті парадигмасының қазіргі заманғы дамуы бағалау категориясының кешенді сипатын неғұрлым толық ашуға ықпал етеді. Бұл жұмыста бағалау лингвокогнитивті категория ретінде қарастырылады, ол субъектінің санасында бар шындық моделімен салыстыру негізінде сыртқы әлем туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу кезінде оның ішкі әлемімен байланысады және әлемнің құндылық бейнесін көрсетеді.

- Әлеуметтік-қоғамдық медиадискурс дискурстық кеңістіктің жаңа саласы болып табылады және әлеуметтік, саяси, экономикалық және медиалық дискурстардың тоғысында симбиозды сипатымен ерекшеленеді. Әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың объектілері бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан және қоғам мүшелерінің әлеуметтік-қоғамдық проблемаға қатысуы мен кері реакциясын тудыратын қоғамдық өмірдегі әлеуметтік маңызды проблемалар болып табылады. Әлеуметтік-қоғамдық медиадискурсқа өзектілік, массалық, бағалылық, қарқындылық, бағыттылық, мультимодустылық және прагматизм тән. Әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың құрамдас бөлігі ретінде бағалаудың иллокутивті мақсаты – адресатқа әсер ету болып табылады, бұл оған қоғамдық сананы жаулап алуға мүмкіндік береді.

- Жаһандану мен "Брексит" процестерінен туындаған қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси ережелер жағдайындағы әлеуметтік-қоғамдық британдық медиадискурста *иммиграция* және *әлеуметтік қамсыздандыру* концептілері өзекті және басым позицияны алады. *Иммиграция* және *әлеуметтік қамсыздандыру* концептілері қазіргі әлеуметтік-қоғамдық контексте бағалау сипаттамасымен әртүрлі анықталады. Әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстағы бағалаудың әсер етуші ықпалы образды сөздер, қайталау, ирония және сарказм, метафора, метонимия, гипербола арқылы жүзеге асырылады. Бағалау өрісінің құрамдас элементтері болып табылатын атрибутивті және предикативті лексикалық тіркестер жиілікпен сипатталады.

- Адресаттың/автордың бағалау пікірлері мен ұстанымдарын жүзеге асыратын негізгі бағалау стратегиясына мақұлдау стратегиясы, айыптау стратегиясы, бір мәнді позицияларды ұстану стратегиясы және көптеген пікірлерді беру стратегиясы жатады. Заманауи британдық әлеуметтік әлеуметтік медиадискурста айыптау стратегиясы мен позицияның бірегейлігі стратегиясын қолдану жиі кездеседі әрі өнімді тәсілге жатады. Бағалау тактикасының ішінде болжау тактикасы, айыптау, проблеманың бар екенін

мойындау, теріске шығару және беделін түсіру тактикалары ерекшеленеді. Белгілі бір бағалау стратегиялары мен тактикаларын таңдау әлеуметтік-қоғамдық медиадискурстың тақырыптық ерекшелігіне (шарттылығы), субъектілердің тұлғааралық қарым-қатынасына, олардың адресат пен адресаттың прагматикалық діттеміне, әлеуметтік проблеманың өзектілігіне, әлеуметтік орта және әлеуметтік-коммуникативтік контекст сияқты лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға байланысты.

- Адресат электрондық медиа коммуникациясына тән және интерактивті жиілік пен эксплицитпен сипатталатын түсініктемелерді медиадискурсқа қосу арқылы өзінің бағалауын білдіреді. Талдау нәтижелері келесі бағалау стратегияларын құруға мүмкіндік берді: адресаттың бастапқы негізгі материалын адресаттардың оң, теріс және бейтарап қабылдауын көрсетуге бағытталған мақұлдау стратегиясы, айыптау стратегиясы және бейтарап түсініктеме стратегиясы. Түсініктемелерді талдау барысында жиілік пен тиімділік тұрғысынан айыптау стратегиясы ерекшеленетіні анықталды, оның аясында ирония мен сарказм тактикасы, айыптау тактикасы және келіспеушілік тактикасы медиадискурсқа қатысушылардың теріс бағалау позициясының басымдылығын білдіреді.

Жұмыстың апробациясы. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 7 ғылыми жарияланымда, оның ішінде 3 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында көрсетілген: "Шет тілдік білім беру: тәжірибе, инновациялар және перспективалар" V Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, 12-13 қараша, 2018 (Алматы, Қазақстан); "Лингвистиканың, аударматану мен педагогиканың қазіргі заманғы мәселелері: дәстүрлер мен инновациялар" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы 27-28 маусым, 2019 (Брянск, Ресей); Journal of Foreign Language Teaching and Applied лингвистика. Vol.6 Number. 1 -2019, International conference on foreign language teaching and applied linguistics (FLTAL) халықаралық конференциясының материалдары 2-3 мамыр 2019 (Ташкент, Өзбекстан). ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдардағы 3 мақала: ЕҰУ хабаршысы. Л.Н. Гумилев: "Филология сериясы" № 2 (123) 2018; ҚазҰПУ хабаршысы. Абай: "Филология сериясы" № 3 (65) 2018; ҚМУ Хабаршысы. Ш.Уәлиханов: "Филология Сериясы" № 2/2020; және 1 мақала халықаралық журналда Scopus - Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities (ISSN 0975-2935) Web of Science Indexed by, Scopus. Vol. 12, No. 6, December, 2020.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және қосымшадан тұрады._